

Жақсы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 06 қазандағы № 6BC-7-5 "Жақсы ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 6BC-11-1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 сәуірде № 5888 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 6BC-36-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 26.12.2018 № 6BC-36-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жақсы ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" Жақсы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 6 қазандағы № 6BC-7-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5576 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 қазандағы "Жақсы жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

осы аталған шешім қосымшасының 8-тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум

объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды, тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын алғанда отбасының (азаматтың) белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысының 15 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

осы аталған шешім қосымшасының 11-тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін, электр қуатының шығын нормасы 1 адамға айына 100 киловатт және отбасыға 150 киловатт болып қабылданады.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жақсы аудандық мәслихатының
сессия төрағасы*

Б.Жанәділов

*Жақсы аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б.Жанәділов

"КЕЛІСІЛДІ"

Жақсы ауданының әкімі

Қ.Сүйіндіков

2017 жыл "31" 03